

Жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері туралы

Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 4 қазандағы N 51/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 15 қарашада N 1973 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің 2012 жылдың 2 тамыздағы N 02-02-01-24/250-ОАШК ұсынысының негізінде Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қосымшаға сәйкес жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумағының шекарасын және қорғау режимінің түрлерін бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Қ. А й т у ғ а н о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *Ә. Құсайынов*
 Қарағанды облысы әкімдігінің
 2012 жылғы 04 қазандағы
 N 51/02 қаулысына
 қосымша

Жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері

№ п/п	Атауы	Шекаралары	Қорғау режимінің түрі
1	"Тихонов қайыңды тоғайы"	Қарағанды облысы, "Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Қарағанды шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қарағанды орманшылығы, Қарағанды-Теміртау трассасы бойынша Қарағанды қаласының шекарасынан 1 километр солтүстік-шығысқа қарай, Бұқар жырау ауданының жерлерінде; 10 гектар	Қорықтық
2	"Кәдімгі қарағайдың екпесі"	Қарағанды облысы, "Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Қарағанды шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қарағанды орманшылығы, 31 квартал, 14 , 15 телім; 5,7 гектар	Қорықтық
3	"Биші қайыңдар тоғайы"	Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ботақара кенті; 2 гектар	Қорықтық

4	"Шаған жапырақты үйеңкі" екпесі	Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласы, Ермеков көшесі, 13 үй; бір ағаш	Қорықтық
---	---------------------------------	---	----------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК